

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1934 тіркелген "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Академиясының ішкі істер органдарының басшы кадрларын және тәрбие аппараттарының мамандарын даярлау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу мен қабылдау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 487 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 19 қарашадағы N 650 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2567. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004.04.13. N 221 (V042864) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Академиясының ішкі істер органдарының басшы кадрларын және тәрбие аппараттарының мамандарын даярлау факультетіне (N 1 факультет) кадрларды даярлау мамандығының өзгеруіне байланысты БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Академиясының ішкі істер органдарының басшы кадрларын және тәрбие аппараттарының мамандарын даярлау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу мен қабылдау ережелерін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1934 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2002 жылғы қазан айында N 39 жарияланған) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 487 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Академиясының ішкі істер органдарының басшы кадрларын және тәрбие аппараттарының мамандарын даярлау факультетіне (N 1 факультет) іріктеу мен қабылдау ережелерінде:

2-тармақтағы "070400 - "Мемлекеттік және жергілікті басқару" деген сөздер " 521650 - "Заңтану" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "ішкі істер органдарында басқару - магистр" деген сөздер " заңтану магистрі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Тәрбие және кадр жұмысы департаменті (Б.Н.Өмірзақов) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер бірінші вице-министрі полиция генерал-майоры И.Оттоға жүктелсін.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК